

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы  
медицина колледжі**

**ДӘРІС КЕШЕНІ**

Мамандық: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілік: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»

Оқу түрі: күндізгі

Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 6 ай

Циклдер және пәндердің индексі: АП 09

Курс: 2

Семестр: 3

Пән: «Геронтологиялық мейіргер ісі»

Бақылау түрі: Емтихан

|   |  |  |
|---|--|--|
| ONȚŪSTIK QAZAQSTAN<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казакстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-1» кафедрасы  |  | №72/11 ( )   |
| Дәріс кешені  |  | 20 беттің 2 беті   |

Кафедра мәжілісінде қаралды және бекітілді.

№ 1 хаттама. « 27 » 08 2024 ж

Кафедра меңгерушісі  Серикова Б.Д.

|   |  |  |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казакстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-1» кафедрасы  |  | №72/11 ( )   |
| Дәріс кешені  |  | 20 беттің 3 беті   |

## №1 дәріс

**1.Тақырыбы:** Кіріспе. Қартаю теориялары мен тұжырымдамалары, егде жастағы адамдарға күтім жасау бойынша дәлелді нұсқаулықтар.

**2. Мақсаты:** Қарт адамдарға күтім жасау бойынша қартаюдың теориялық негіздерін, оның биологиялық және әлеуметтік аспектілерін зерттеу.

**3. Дәріс тезистері:**

- Қартаюдың теориясы
- Геронтология
- Гериатрия

Қазіргі таңда халықтың арасында егде жастағылар мен қарттардың саны күрт өсуі байқалады. Медициналық көмекті 60 және одан жоғары жастағылар көбірек қажет етеді. Сондықтан квалификацияланған гериатриялық көмектің көлемін арттыру керек. Бұл жағдайда гериатрия бойынша медицина қызметкерлерін дайындау мен оқыту өзекті мәселе болып табылады.

«Геронтология және гериатрия» жас ерекшелігі физиологиясын, қартаю заңдылықтарын, егде және қарттық кезеңдегі ауруларды зерттейтін ғылым.

**ГЕРОНТОЛОГИЯ** (грек. *geron* және *logos* — ілім) — адамның және жануарлар организмнің қартаю заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Егде тартқан және қартайған адамдардың ауруларын клиникалық медицинаның гериатрия (грек. *geron* және *iatreia* — емдеу) деп аталатын бөлімі зерттейді. 20 ғ-дың 30 — 40-жылдары Қазақстанда қариялар мен мүгедектер үйі, геронтол. және гериатриялық кабинеттер (Алматы, Қарағанды, т.б.), ауруханаларда гериатриялық бөлімдер ашылды, жүйелі зерттеулер жүргізіле бастады. Бұл зерттеулердің нәтижесінде қартаюдың әлеум.-гигиеналық себептері мен клиникалық белгілері анықталды; адам жасының ұлғаюына байланысты жүрек пен қан тамырларында пайда болатын өзгерістер зерттелді; егде тартқан және қартайған адамдардың әдетте байқалмайтын жүрек ақауларына сипаттама берілді. Физиол. және биохим. көрсеткіштердің қалыпты деңгейі анықталып, егде тартқан және қартайған адамдардың денсаулығын тексеру әдістемесі ұсынылды. Кейбір дәрілердің қартайған организмге тигізетін әсері, вегетативтік жүйке мен лимфа жүйесіндегі морфол. және гистохим. өзгерістер зерттелді.

Қарттар мен егде жастағы адамдардың психикасы мен мінез-құлық ерекшеліктерін, жас психологиясының бір саласы геронтологиялық психология зерттейді. Ол қартаюдың белгілерін, яғни адам организмнің функционалдық мүмкіндіктерінің (сыртқы әсерлерді қабылдауы көмескіленіп, қимыл белсенділігі баяулауы, күш-қуатының азайып, денсаулығының нашарлауы) біртіндеп төмендеуін қарастырады. Психика функцияларындағы (зерде, ес, зейін, т.б.) өзгерістер бір жақты ғана байқалады. Қарт адамдардың психикасына интеллектуалдық және эмоционалдық “ішкі әлемге кету”, өткізген өмірін бағалау мен ұғынуға байланысты қайғыру, өміріндегі басты мақсаттары орындалмаса, өкіну, түңілу сияқты қасиеттер тән болады. Алайда, қартаюды тек регрессивтік құбылыс деп қарамау керек. Қартаю дамудың бір кезеңі. Бұл кезеңде адамның рухани жетілу деңгейі жоғары болады. Мыс., қанағаттану, парызын өтеген жағдайда өмірге ризашылық, мейірімділік, т.б. қасиеттермен қатар кемелденген адамдардың даналыққа жетуі — осы қартаю кезінде орын алатын құбылыс. Қарт адамның шығарм. белсенділігі жоғары болатындығы жиі байқалады. Қартаюдың психик. ерекшеліктері мен өзгерістеріне ерте кезден назар аударылса да, Г. ғыл. пән ретінде егде жастағы адамдардың көбеюі, олардың жұмысқа қабілеттілігі мен тұрмыс жағдайының, сондай-ақ іс-әрекетінің сипаты мен құндылықты бағдарларының өзгеруіне, яғни жеке

|   |  |  |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казакстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-1» кафедрасы  |  | №72/11 ( )   |
| Дәріс кешені  |  | 20 беттің 4 беті   |

адамның даму мәселелеріне, т.б. байланысты пайда болды. Г-ның қазіргі кездегі негізгі міндеттеріне адамды кәрілікке дайындау, егде жастағы адамдар мен қарттардың белсенді әрі толық өмір сүруі амалдарын зерттеу, т.б. жатады.

Оның қалыптасуы, дамуы, диагностикасы, емі, қарттарға әлеуметтік-медициналық көмекті ескерту мен ұйымдастыру. Геронтологияның негізгі міндеттерінің бірі - егде және қарт адамдардың өмірінің сапасын жақсарту және ұзартуды қадағалау, ерте картаюдың алдын алу.

**4.Көрнекі материалдар:** 15-20 слайд

**5.Әдебиет:**

соңғы бетті қараңыз.

**6.Бақылау сұрақтар (кері байланыс):**

1. Қартайудың биологиялық аспектілері қандай?
2. Қарт адамдарға күтім жасауда қандай дәлелдемелік тәсілдер қолданылады?
3. Қарт адамдардың өмір сапасын жақсарту үшін қандай әлеуметтік факторлар маңызды?

## №2 дәріс

**1. Тақырыбы:** Егде жастағы халықтың денсаулығы мен өмір сүруіндегі бірегей қажеттіліктері.

**2. Мақсаты:** Студенттерге қартаюдың теориялық негіздерімен таныстыру, жас ерекшеліктерімен байланысты болатын процестерді түсіндіру және осы білімдерді болашақ кәсіби қызметте қолдануға мүмкіндік беру.

**3. Дәріс тезистері:**

- Науқастарға күтім жасау мейірбикенің әдістемелік ұйымдастыру үдерісі.
- Гериатриялық науқастармен жұмыс жүргізу барысында кездесетін қиыншылықтар.
- Өзара тәуелділікпен араласу.

«Мейірбике ісі» денсаулық сақтау саласындағы негізгі бөлімді құрайды, егде және қарт жастағы науқастардың денсаулығын жақсартуда аурудың алдын-алу шараларын, психикалық және физикалық ауруларында, еңбекке қабілетсіз жандарға психоәлеуметтік көмек пен күтім жасаудағы ролі жоғары». (Халықаралық мейірбике кеңесі, 1987 ж., Жаңа Зеландия).

Науқастарға күтім жасау мейірбикенің әдістемелік ұйымдастыру үдерісі болып табылады. Ол негізгі 5 кезеңнен тұрады:

- 1 – науқас туралы объективті және субъективті ақпарат жинау
- 2 – мейірбикелік диагностика
- 3 – мейірбикелік іс-әрекетті жоспарлау
- 4 – жоспарды іске асыру
- 5 – жасалған жұмысты тиімді бағалау.

Мейірбикенің негізгі мақсаты егде және қарт жастағы науқастардың жасына байланысты ауруларға күтім жасау.

Бірінші кезеңде мейірбике мына жағдайларға баға беруі керек:

- ағзадағы негізгі жүйелердің жағдайы;
- психологиялық статусы;
- науқастың өз-өзіне күтім жасай алуы;
- қоршаған ортадағы құбылыстардың науқасқа оң және теріс әсер етуі;
- әлеуметтік статус.

|   |  |  |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казакстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-1» кафедрасы  |  | №72/11 ( )   |
| Дәріс кешені  |  | 20 беттің 5 беті   |

- Гериатриялық науқастармен жұмыс жүргізу барысында кездесетін қиыншылықтар: есту және сөйлеуі қиын, есте сақтау қабілеті төмен науқастар. Сол себепті жұмыс барысында мына ережелерді қатаң сақтау керек:
  - әңгімелесу барысы науқасқа да өзіне де ыңғайлы орын табу;
  - әңгіме соңы науқастың жағдайын жақсартуға түсуі керек;
  - әңгімеге зейін қою, оның мәселесіне қызығу;
  - науқасты аты-жөнімен атау, науқаспен тұрып сөйлеспеу, сабырлықпен тыңдау, артық іс-қимыл қолданбау;
  - құлағы ауыр науқастармен асығыс сөйлеспеу, сіздің «ерніңізден оқуға» мүмкіндік беру;
  - науқас алдында өзінің сенімсіздігін білдірмеу, оның орнына үндемей қалу, артық сөйлемей;
  - сөйлесу барысында әңгімені дұрыс бағытқа бұру;
  - науқасты қобалжытатын тақырыпта сөз қозғамау.

Анамнез жинау барысында көп ақпаратты жинауда науқастың туысқандары, оның үйдегі күтушісі, ұзақ жыл бойы қатынаста болған медицина қызметкерлерінің рөлі жоғары. Екінші кезеңде мейірбикелік үдеріс, науқастармен жұмыс істеу барысында көп білімді қажет етеді. Психикалық, әлеуметтік қиыншылық жағдай туғанда дұрыс шешім қабылдау керек. Мысалы, қыс уақытында ауылды жерде тұратын қарт кісілер үй шаруашылығымен өздігімен айналыса алмайды, сол кезде уақытша пансионатта және арнайы медико - әлеуметтік көмек көрсету орталықтарына орналастыру керек.

Үшінші кезеңде мейірбикелік күтім жасауда алдын-алу шаралары мақсатында жоспар құру қажет. Алға қойған мақсатты жүзеге асыру үшін науқастың жағдайын жақсарту керек. 60 жастан асқан қарт кісілерге көрсетілетін мейірбикелік көмектің негізгі ерекшеліктері:

- 1) Күтім жасау мақсатының нәтижесіне жету үшін ұзақ мерзім кетеді.
- 2) Денсаулығына байланысты қиыншылықтарды шешу кезінде науқастың белсенділігінің төмен болуы.
- 3) Күтім жасау барысында мүшелер мен жүйелердің қаншалықты қартайғандығын ескеру керек.

Төртінші кезеңде мейірбикенің күтім жасау жоспары 3 типті араласуымен болады: тәуелді, тәуелсіз, өзара тәуелділік.

Тәуелді араласу – дәрігердің бақылауымен, оның нұсқаларын мейірбике бұлжытпай орындайды (наркотикалық заттарды енгізгенде, науқасқа, қатаң тәртіп пен емдәм тағайындағанда), және де әрдайым мейірбике дәрігермен кеңесіп тұруы қажет.

Тәуелсіз араласу – дәрігердің талабынсыз мейірбике өзі әрекет жасай береді. Мысалы, науқастың өзіне күтім жасау барысында көмек көрсету, науқастың өз ауруына реакциясы мен бейімделуін қадағалау, науқастың ауру дәрежесіне сай өзіне күтім жасауы мен тазалықты қалай сақтау керектігін үйрету және т.б., науқастың денсаулығына байланысты кеңес беру.

Өзара тәуелділікпен араласу – мейірбикенің физиотерапевт, диетолог, ЕДШ дәрігерлерімен тығыз байланыста жұмыс істеуі.

**4. Көрнекі материалдар:** 15-20 слайд

**5. Әдебиеттер:**

соңғы бетті қараңыз.

**6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):**

1. Қартаюдың биологиялық және әлеуметтік аспектілерін түсіндіріңіз.
2. Қалыпты және патологиялық қартаюдың айырмашылығы неде?
3. Белсенді қартаю моделі дегеніміз не?

|   |  |  |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казакстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-1» кафедрасы  |  | №72/11 ( )   |
| Дәріс кешені  |  | 20 беттің 6 беті   |

### №3 дәріс

**1. Тақырыбы:** Қарт науқастардың жағдайын бағалау, дәлелді денсаулықты нығайту.

**2. Мақсаты:** Білім алушыларды қарт адамдардың денсаулық жағдайын бағалау әдістерімен және олардың денсаулығын дәлелді түрде нығайту тәсілдерімен таныстыру.

**3. Дәріс тезистері:**

- Аурушандық құрылымы
- Гериатриялық науқастардың негізгі ерекшеліктері
- Қарт және егде жастағы адамдардың жүйке жүйесі
- Жас бойынша өзгерістер

#### **Аурушандық құрылымы**

Жас ұлғайған сайын аурушандық жоғарылайды. Қала тұрғындарының денсаулық жағдайын әртүрлі жылда таңдамалы зерттегенде 60 жастан асқан адамдардың ешқайсысы өзін саумын деп есептемейтінін, ал 80-86% қарттардың созылмалы аурулары бар екендігі анықталды.

40 жастан төмен жастағы адамдармен салыстырғанда бұл жастағы аурушандық 2 есеге дейін артады. Мысалы, 20-29 жастағыларға қарағанда қарттардағы тыныс алу мүшелерінің аурушандығы 2,4 есе, ал жүрек-тамыр жүйесінің аурушандығы 6,8% есеге дейін жиі кездеседі. 40-44 жаста ЖИА аурушандық 6,8% құраса, ал 55-59 жаста ол-23,0% құрайды, яғни 3-3,5есе артық. Қарт және егде жаста асқазан ойық жара ауруының жартысы және қатерлі түзілістердің көп бөлігі орын алады.

70 жастан жоғары жастағы ер адамдарда 3,9-2,6% және әйелдерде 2,5-2,0% ғана созылмалы аурулары болмайды. 20-29 жастағы адамдармен салыстырғанда, бұл жастағы науқастардың субкомпенсациялық және декомпенсациялық сатыларындағы созылмалы аурулармен аурушандығы 14 есе жоғары. Бұл, өз кезегінде, терапиялық стационарлардың 80% жуығын және хирургиялық стационарлардың 30-50% гериатриялық жастағы науқастар құрайтынын айқындайды. Қарт науқастардың урологиялық көмекке деген қажеттілігі жүрек-тамыр жүйесінің патологияларымен байланысты аурулардан кейінгі 2-ші орынды алады.

Гериатриялық науқастардың негізгі ерекшеліктерінің біріне - полиморбидтілігі, яғни созылмалы ауруларының көптігі жатады. Сонымен, 50-59 жастағы науқастарда 2-3 аурудан, 60-69 жаста 4-5, ал 70 жастан жоғары жастағыларда 5 аурудан келеді.

Жас келе аурушандық құрылымы өзгеріске ұшырайды. 30 жастан кіші адамдарда барлық аурулардың 1/3 бөлігін тыныс алу мүшелерінің ауруы құрайды, кейін қанайналым жүйелерінің аурулары, жарақаттар, уланулар, жүйке және сезім мүшелерінің аурулары орын алады.

40 жастан асқан адамдардың аурушандық құрылымында да тыныс алу мүшелерінің аурулары құрайды, бірақ оның деңгейі төмендейді, яғни барлық аурулардың 1/5 бөлігін қамтиды, ал қанайналым жүйелерінің ауруларының деңгейі жоғарылайды.

Зейнетке дейінгі жаста уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша аурулардың негізі тыныс алу мүшелерінің, қанайналым жүйесінің, асқорыту, жүйке жүйелері мен сезім мүшелерінің ауруларынан түзіледі.

60 жастан асқан адамдарда ең жиі таралған патология түріне, қанайналым жүйесінің аурулары жатады. Келесі орынды сүйек - бұлшықет жүйесі және дәнекер тіндер, тыныс алу мүшелері, асқорыту, жүйке жүйелері мен сезім мүшелерінің аурулары иеленеді. Осы 5 классқа қарт және егде жастағы адамдардың барлық ауруларының 85% сай келеді.

|   |   |  |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>-1979- | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казакстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-1» кафедрасы  |   | №72/11 ( )   |
| Дәріс кешені  |   | 20 беттің 7 беті   |

Жылдар бойы жинақталған созылмалы патологиялар, қалған еңбекке жарамдылыққа әсер етеді, мүгедектікке, қозғалу және өзін-өзі қамтамасыз етуіне де әсер етеді.

Бұл бірінші кезекте жүрек-тамыр жүйесінің созылмалы патологияларына, оның ішінде жасы мен жынысына тәуелсіз ЖИА, цереброваскулярлы аурулар, гипертониялық ауру және көктамыр аурулары жатады. Аталған 4 нозологиялық түрлер қарттардағы қанайналым жүйесінің барлық ауруларының 80% жуығын құрайды, соның ішінде ЖИА және гипертониялық ауру осы аурулар класының тең жартысына сай келеді.

Тыныс алу мүшелері ауруларының ішінде жоғарғы тыныс жолдарының жіті инфекциялық аурулары (40-45%), пневмониялар (30%) маңызды бөлігін құрайды, содан соң өкпе эмфиземасымен жүретін созылмалы бронхит, бронх демікпесі енеді. Қартайған сайын тыныс алу мүшелерінің созылмалы ауруларының жиілігі тоқтаусыз ұлғая береді. Әртүрлі зерттеулер мәліметтері бойынша, аталған топтағы тұрғындардың барлық ауру жағдайларының ішінде тыныс алу мүшелерінің аурулары әртүрлі аймақтарда 10-нан 24% дейінгі үлесін құрап отырады.

Қарт және егде жастағы адамдардың жүйке жүйесі және сезім мүшелерінің аурулары барлық аурулардың 9-17% құрайды. Бұл топтағы аурулардың ішінде көру мүшелерінің аурулары алдыңғы қатарға шығады, оның ішінде, бірінші кезекте глаукома, катаракта, көздің қабыну аурулары кездеседі. Паркинсонизмнің тамырлық түрінің таралуы жиілеген. Өмірдің 4-ші онжылдығынан соң омыртқа аралық дискілерінің дистрофиялық – дегенеративті өзгерістерімен байланысты, жүйке жүйелерінің патологиялары жиі байқала бастайды.

Қарт және егде жастағылардың барлық патологияларының 4-15% асқорыту жүйесінің аурулары құрайды. Кейбір аудандарда бұл топтың аурулары жүйке жүйесі мен сезім мүшелерінің ауруларына қарағанда жиі кездеседі. Бұл класс ауруларының нозологиялық түрлерінің ішінде созылмалы гастрит, созылмалы колит, бауыр мен өт жолдарының аурулары жиі кездеседі.

Қартайған сайын тірек-қимыл аппаратының зақымдалуы, әсіресе тұрмыстық жарақаттар жиі кездеседі. Сүйек-буын аппаратындағы жастық дистрофиялық және деструктивті өзгерістердің дамуымен байланысты, кәрі жастағы адамдарда 80% жағдайда сан сүйегінің сынуы құрайды. 70 жастағыларда сүйек-буын аппаратының ауруларының жиілігі 86% құрайды.

Бірінші рет анықталған аурулардың көп бөлігі үлкен жастағы адамдарға, соның ішінде ерлерге қарағанда, әйелдерге сай келеді. Қарт жастағыларда тек жаңа аурулар ғана жиі анықталып қоймай, сонымен бірге бұрын пайда болған, созылмалы ауруларының жинақталуы да жиі кездеседі. 50-59 жас гериатриялық патологиялардың жинақталу мағынасында қолайсыз деп қарастыруға болады.

50-59 жастық топпен салыстырғанда, 70 және одан жоғары жастағы адамдар арасында дені сау адамдар 6 есе аз, ал ауру адамдар 5 есе көп кездеседі.

Жастармен салыстырғанда, қарт науқастардағы декомпенсациялық жағдайдың үлкен жиілікте кездесуінің себептерінің біріне, қартайып жатқан ағза жүйелерінің бірінің зақымдалуы, басқа жүйелер қатарының тез зорығуына және күрт кетуіне алып келу жағдайы жатады. Патология - деп, сондай-ақ қартаю деп түсіндірілетін күрделі функционалдық бұзылыстар тізбегі, оңай қайтымсыз болып, ағзаны әлсіретіп және титықтатады. Осы құйын тәрізді үдемелі морфофункционалдық деструкцияны уақтылы тоқтата алмаса, онда декомпенсация қысқа уақытта мүгедектікке, өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкіндігін жоғалтуға, жалпы болбыратуға және соңында өлімге де алып келеді.

Қарттар арасындағы аурулардың таралуы туралы түсінікке статистикалық мәліметтер толық мәлімет бере алмайды. Мысалы, омыртқасындағы дистрофиялық – дегенеративті

|   |  |  |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казакстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-1» кафедрасы  |  | №72/11 ( )   |
| Дәріс кешені  |  | 20 беттің 8 беті   |

өзгерістермен және артроздары бар кәрі науқастар секілді, депрессивті жағдайдағы кәрілік деменциясы бар науқастар ауруханаға барлық уақытта жата бермейді. Көптеген авторлар, егде және қарт жастағы адамдарда жүректің және мидың ишемиялық ауруы, артериалды гипертензия, қатерлі ісіктер және қант диабеті жиі кездеседі, – дейді. Бірақ, бұл аурулар, тек кәрілікте ғана емес, орта және жас жастағыларда да кездеседі. В.В. Фролькистің ойы бойынша бұл аурулардың ағзаның инволютивті – жастық құрылу кезінде, қартайған кезде туындауының қосымша биологиялық алғы шарттарын түзеді дейді. Д.Ф.Чеботарев және оның мектебінің өкілдері қартаюшы ағзаның жастық морфофункционалдық қайта құрылуын, өмірдің соңғы кезеңіндегі патологиялық зақымдалудың жоғарылауына себеп болатын, өзіндік «үлкен қауіп факторы» деп қарастырады. Бұл авторлардың ұсынып отырған, кәрілік пен жастық патологиялардың байланысын іске асыратын механизмдер, оның негізінде қарттық және егде жастағы көптеген созылмалы аурулары дамиды патогенетикалық платформа.

Жас бойынша өзгерістер қарттарға тән аурулармен екі жақты байланыста болады. Созылмалы аурулардың үдеуі кәрілік келеңсіздіктердің ерте пайда болуы мен тез өрбуіне себеп болып, ағзаны тез болбыратуына зер салмауға болмайды.

Кәрі адам «кәрілік келеңсіздіктер» және «кәрілік сырқаттар» деп белгіленген нозологиялық аурулардан басқа да, жаспен ешқандай байланысы жоқ аурулармен ауыруы мүмкін. Бұл ауруларға тұмау, респираторлы вирусты аурулар және басқа жұқпалар мысал бола алады. Қарттардағы бұл ауруларға клиникалық ауыр жағдайлар, ұзаққа созылу, функционалдық өзгерістер мен асқынуларға бейімділік тән.

**4. Көрнекі материалдар:** 15-20 слайд

**5. Әдебиеттер:**

соңғы бетті қараңыз.

**6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):**

1. Қарт адамдардың денсаулық жағдайын бағалау кезінде қандай негізгі кезеңдер бар?
2. Дәлелді денсаулықты нығайту тәсілдерінің қандай негізгі аспектілері бар?
3. Қарт адамдарда физикалық белсенділікті арттырудың қандай пайдасы бар?

## №4 дәріс

**1.Тақырыбы:** Қарт науқастардың қауіпсіздігін бағалау.

**2. Мақсаты:** Қарт пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін олардың денсаулығына қатысты негізгі принциптерді қарастыру.

**3.Дәріс тезистері:**

- Қарт науқастарға күтім
- Халыққа гериатриялық көмек көрсету

Қарт адамның ағзасында болатын органикалық өзгерістер мен функционалдық ауысулар нәтижесінде ол рухани, тәни қолайсыздықты сезінеді. Денсаулыққа байланысты бірнеше проблемалар бар: егде адамдар бір уақытта бірнеше аурумен ауырады; олар белгілері анық байқалмайтын аурулармен аурады; егде адамдар басқаларға қарағанда қатерлі ісік ауруларына көп шалдығады.

**Қарт науқастарға күтім**

Адам жасы ұлғайып қартайған шағында оның ағзасында үлкен өзгерістер болады. Кейбір әже – аталарымыз тез ренжігіш және әр нарсеге бала сияқтанып қуанады. Өрине мұғың бәрі адам жүйкесінің тозуына байланысты. Біз кішкентай балаларға қалай көңіл бөлеміз дәл солай қарияларға да көңіл бөлу керек. Олардың тамақтануы, ұйқысы және күнделікті



|   |  |  |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казакстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-1» кафедрасы  |  | №72/11 ( )   |
| Дәріс кешені  |  | 20 беттің 9 беті   |

отырып тұруына тіпті жуынуынада көмектесуіміз керек. Күтім жақсы болса олар ұзақ өмір сүреді.

Қарт адамдардың тамақтануының өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың жастарына қарай тәуліктік калориясы өзгереді (60 – 70 жас 20 – 30 ккал 79%, 70 тен жоғары69% болу керек). Бұл жастағы кісілердің тістері болмайтыннан ішек жолдарының бұзылып іш қату немесе іш өту жиі болады. Сондықтанда тамақты қоймалжың, аздап күніне 4 – 5 рет беру керек.

Қария адамдардың көбіне ұйқысы бұзылады. Түнде ұйықтай алмай күндіз маужырап отырады. Себебі жоғарғы нерв жүйесі бұзылған, әр түрлі күйзелістің әсері. Ұйқысын тыныштандыру үшін бөлме іші тыныш, таза ауа, температурасы +18 +22 болу керек. Төсегінде қыртыс не нанның қиқымы болмау керек.

Қарт адамдарға қарау әркімнің міндеті. Олардың көңіліне тиетін ауыр сөздер айтпай жылы қабақ таныту керек. Қан қысымын әлсән – әлсін өлшеп отыру қажет. Сәл көтерілсе қан қысымын түсіретін дерілер немесе көк шәй беру керек.

Гериатрияның ең күрделі сұрағының бірі қарт науқастарға психологиялық және психиатриялық көмек көрсету болып табылады. Демеция белгілерін коррекциялау үшін, депрессия белгілерін жұмсарту үшін біз қарт науқастардың жанұялық бейімделуінің бұзылыстарын реттеу керек.

Деменция ақыл естің өте төмендеуі болып табылады. Оны көрсететін екі факторды анықтауға болады. Біріншіден ми ауруларында оның барлық құрылымдары бұзылмайды. Зандылық бойынша белгілі ауру мидың бір бөлігін зақымдаса, қалған бөліктері сақтаулы қалады. Сондықтан түрлі ми аурулары өзіне тән әртүрлі симптомдармен қатар жүреді. Дифференциалды диагностикаға эмпериялық түрде қарау қажет. Ол мидың әр түрлі алаңдарындағы патологиялық өзгерістерді анықтауға негізделген. Кей аурулар қыртыс пен қыртыс асты құрылымдардың өзгерісімен жүреді.

Қазақстанда қартаюуда егде адамдардың өмір сүру деңгейін сипаттайтын экономикалық жағдайлар, соның ішінде медициналық қызмет көрметуге жұмсалатын шығындар маңызды рөл атқарады.

Халыққа гериатриялық көмек көрсету – созылмалы аурулардың салдарынан ішінара немесе толық жоғалған өзіне-өзі қызмет көрсету қабілетін сақтау немесе қалпына келтіру, егде жастағы науқас адамдардың қоғамдағы реинтеграциясын жеңілдету, сондай-ақ тәуелсіз өмір сүруді қамтамасыз ету мақсатында ұзақ мерзімді медициналық-әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі іс-шаралар жүйесі.

**4. Көрнекі материалдар:** 15-20 слайд

**5. Әдебиеттер:** соңғы бетті қараңыз.

**6.Бақылау сұрақтар (кері байланыс):**

1. Қарт пациенттердің қауіпсіздігіне қандай негізгі қауіптер күнделікті өмірде туындауы мүмкін?
2. Қарт адамдардың құлауын алдын алу үшін қандай шаралар қабылдануы керек?
3. Заманауи технологиялар қарт пациенттердің қауіпсіздігін қалай жақсартта алады?

## №5 дәріс

**1. Тақырыбы:** Гериатриялық синдромдар, қозғалыс технологиялары.

**2. Мақсаты:** Студенттерді гериатриялық синдромдармен, оларды диагностикалау мен алдын алу әдістерімен таныстыру және пациенттерді тасымалдау кезінде қолданылатын қауіпсіз технологиялармен таныстыру.

|   |  |  |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казакстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-1» кафедрасы  |  | №72/11 ( )   |
| Дәріс кешені  |  | 20 беттің 10 беті  |

### 3. Дәріс тезистері:

#### Гериатриялық синдромдардың мысалдары

#### Гериатриялық синдромдардың себептері мен салдары

#### Пациенттерді тасымалдау технологиясы

Гериатриялық синдромдар — бұл қарт адамдарда жиі кездесетін клиникалық жағдайлар тобы, олардың физикалық және психоэмоционалды жағдайына үлкен әсер етеді. Бұл синдромдар көбінесе қартаю процесімен байланысты және бірнеше аурудың нәтижесінде туындауы мүмкін.

#### Гериатриялық синдромдардың мысалдары:

1. **Саркопения** — бұл бұлшық ет массасының және күшінің төмендеуі, бұл пациенттердің қозғалуының шектеулі болуына және құлау қаупінің артуына әкелуі мүмкін.
2. **Құлаулар** — бұл ең көп таралған проблема, ол ауыр жарақаттарға (сүйек сынуы, соққы, т.б.) әкелуі мүмкін.
3. **Деменция** — есте сақтау, бағыттау және шешім қабылдау қабілетін бұзатын когнитивті бұзылулар.
4. **Зәр шығаруды ұстамау** — қарт адамдарда жиі кездесетін проблема, ол олардың өзін-өзі бағалауына және әлеуметтік оқшаулануына әсер етуі мүмкін.
5. **Депрессия** — әлеуметтік оқшауланудан немесе созылмалы аурулардан туындайтын психоэмоционалды бұзылулар.
6. **Көп дәрі-дәрмек қолдану (полипрагмазия)** — көп дәрілерді қабылдау пациенттің жанама әсерлер мен дәрілердің өзара әсерлесу қаупін арттырады.

#### Гериатриялық синдромдардың себептері мен салдары

- Қартаюмен байланысты физиологиялық өзгерістер, мысалы, бұлшық ет массасының жоғалуы (саркопения), сүйек тығыздығының төмендеуі (остеопороз), когнитивті функциялардың нашарлауы.
- Қарт адамдар жиі бірнеше созылмалы ауруға шалдыққандықтан, диагностика мен емдеу күрделі болуы мүмкін.
- Қарт адамдарда гериатриялық синдромдар қаупі физикалық белсенділіктің төмендеуі, депрессия, ұйқының бұзылуы және дұрыс тамақтанбаумен байланысты артады.

**Пациенттерді тасымалдау технологиясы.** Пациенттерді дұрыс тасымалдау — бұл қарт адамдарға күтім көрсетудің маңызды бөлігі, себебі бұл пациенттер мен медициналық қызметкерлер үшін жарақаттардың алдын алуға көмектеседі. Қате тасымалдау бұлшықеттер мен буындарға, омыртқаға зақым келтіруі мүмкін, сонымен қатар құлау және басқа жарақаттар қаупін арттырады.

#### Қауіпсіз тасымалдаудың негізгі қағидалары:

1. **Пациенттің жағдайын бағалау:** Пациентті тасымалдамас бұрын оның физикалық және когнитивті жағдайын бағалау маңызды (мысалы, тепе-теңдікті сақтай алу немесе нұсқауларды түсіну қабілеті).
2. **Арнайы құралдарды қолдану:** Қозғалуы шектеулі пациенттерді тасымалдау үшін арнайы құрылғыларды (көрпе, лифт, арба) пайдалану қажет.
3. **Дұрыс поза:** Пациентті тасымалдаған кезде медициналық қызметкердің дұрыс позада болуы өте маңызды. Арқа мен буындарға жүктеме түсірмей, тізені бүгіп, пациентті қауіпсіз түрде тасымалдау қажет.
